

Қаратөбе колледжі МКҚК

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама № 2

19.05.2018 жыл

Қатысқандар:

1. Оразов Нұрлан Жақанұлы – «Нұр Отан» партиясы Қаратөбе аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары;
2. Мукамбетқалиева Айсұлу Бекесқызы - ШЖҚ «Қаратөбе аудандық орталық ауруханасы» салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы;
3. Гарифуллiewa Жанаргүл – аудандық жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі инспектор;
4. Мусаева Гүлнар Орынбасарқызы – ЖК «Мусаева» басшысы;
5. Кенжесов Еділ - ата-ана, мұғалім;
6. Тойшыбаев Асхат Жәнібекұлы – БҚО Кәсіпкерлер палатасы Қаратөбе аудандық кәсіпкерлер филиалының директоры;
7. Амантаев Эльдар Найзабекұлы – Қаратөбе жастар ресурстық орталығының басшысы.

Қатыспағандар: Берікқалиева Ажаргүл Берікқалиқызы – Қаратөбе аудандық «Қаратөбе әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы;
Бақытжанов Бекболат – «Ақжол» ШҚ жетекшісі.

Шақырылғандар: Салахаден М.А. – колледж директоры, Есендосова Г.М. – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылын үздік бітіретін оқушылар мен үздік ұстаздарды әлеуметтік қолдау.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша колледж директоры М.А.Салахаден 2017-2018 оқу жылын бітіретін түлектер арасында үздік аяқтайтын студенттерді және үздік мұғалімдерді марапаттап, әлеуметтік қолдау көрсетілетіні туралы айтып өтті.
2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.М.Есендосова оқушылардың жазғы демалысында жылдағыдай 30 оқушы «Шалқар» лагеріне, облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының ұйымдастыруымен өтетін әскери - патриоттық далалық «Жігер» лагеріне жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған және көп балалы отбасының балалары санатындағы 5 оқушы баратындығы туралы айтып өтті.